

Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № 452 "Мұғалжар ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 382 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 желтоқсанда № 25623 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № 452 "Мұғалжар ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6498 тіркелген) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Мұғалжар аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мұғалжар ауданы әкімінің жектектілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар ауданының әкімі

А. Шериязданов

Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 382 қаулысына қосымша

Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № 452 қаулысына қосымша

Мұғалжар ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
Мұғалжар ауданы		
1	Қандығаш қаласы	

	1) Сәлім Шынтасов, Өтеген Қалыбаев, Юрий Гагарин, Елубай Қодаров, Гриненко Иван Николаевич, Бейбітшілік, Тулеген Байкунов, Ахмет Байтұрсынов көшелері, Актюбинский тұйығы, Сәкен Сейфуллин, Жамбыл Жабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ахмет Жұбанов, Амангелды Иманов, Алтынды көшелері, Желтоқсан, Мұнайшылар көшелері	2,7
	2) Өтеген Қалыбаев көшесі мен Ахмет Байтұрсынов көшесінің қиылысына дейін. Ахмет Байтұрсынов көшесінің бойымен Сазды көшесінің қиылысына дейін (бұрынғы Воздушная).	2,0
	3) Теміржол бекеті аумағы, Теміржолшылар, Асанхан Калиев, Нұрпейіс Байғанин, Амангелды Иманов, Ахмет Жұбанов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Есет батыр, Жамбыл Жабаев, Сәкен Сейфуллин, Алтынды, Ереван Баязитұлы Баймұхамбетов, Бейімбет Майлин, Омаш Өмірбаев, Рахымжан Қошқарбаев, Ілияс Жансүгіров, Көбеген Ахметұлы Ахметов, Нұрқожа Орынбасаров, Сәкен Сейфуллин көшелері, Жеңіс даңғылы, "Жастық", "Достық", "Болашақ", "Самал" шағын аудандары 1 - 8 кварталдар, Ер Едіге көшесі	2,7
	4) "Жаңақоныс", "Самал" шағын аудандары 9-12 кварталдар	1,2
	5) "Шилісай", "Энергетик", "Огонек" саяжай кооперативтері	0,85
	6) Теміржолшылар көшесінен Ахмет Жұбанов көшесінің қиылысына дейінгі шекара. Теміржолшылар көшесінен Бұлақты көшесінің қиылысына дейінгі шекара	2,0
	7) "Болашақ" шағын ауданынан Қандыағаш-Шұбарқұдық тас жолының қиылысына дейін. "Болашақ" шағын ауданының бойымен "Жаңақоныс" шағын ауданының қиылысына дейін. Төлеген Айбергенов көшесінен Қандыағаш-Шұбарқұдық тас жолының қиылысына дейін	1,75
	8) Асанхан Калиев көшесінен Ахмет Жұбанов көшесінің қиылысына дейін	2,10
2	Ембі қаласы	
	1) Алматы-Ақтөбе темір жолының сол жағы, Жиенғали Төлепбергенов, Әйтеке Би, Елеу Сағынов, Забиқұлла Елубаев, Әлия Молдағұлова, Ілияс Жансүгіров, Жем, Қабанбай батыр, Ермағамбет Алдаберген, Нефтебаза, РТС, Сәкен Сейфуллин, Көккөз Алпанов, Сапа Жездібаев, Серғазы Мамбетов, Әбілхайыр хан, Жамбыл Жабаев, Төкеш Жездібаев, Мәншүк Маметов, Мағжан Жұмабаев көшелері. Мугалжар, Деповская, Центральный, Достық тұйық көшелері	2,04
	2) СМП-614 кенті	1,51
	3) Алматы - Ақтөбе темір жолының оң жағы – Есет-Батыр көшесі теміржолмен қиылысына дейін, Ахмет Жұбанов, Талғат Бигельдинов, Амангелды Иманов, Қазбек би, Төле би, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин Бауыржан Момышулы, Жағыпар Әміров, Геологов көшелері. Геологов тұйығы. Ғазиз Жанесов көшесі бойымен Желтоқсан көшесі қиылысына дейін. Желтоқсан көшесінің батыс жағы. Абай Құнанбаев көшесінің бойы Желтоқсан көшесімен қиылысына дейін. Спортивный, Локомотив тұйық көшесі, қалалық аурухана аумағы	2,03
	4) Желтоқсан көшесінің шығыс жағы, Нәби Бекенбаев, Сатыбалды Жалбасов, Қобыланды батыр, Бейімбет Майлин, Ахмет Байтұрсынов көшелері. Абай Құнанбаев көшесі Желтоқсан көшесімен қиылысынан бастап Нәби Бекенбаев көшесіне дейін	1,89
	5) Зинеш Бралов, Мөңке би көшелері	2,03
	6) Есет-Батыр көшесінің теміржолмен қиылысынан бастап ПМС-3 көшесі қиылысына дейін, ПМС-3, Метеостанция көшелері	1,4
3	Жем қаласы	1,75
	Ақкемер ауылдық округі	
4	Ақкемер ауылы	1,9

5	Елек ауылы	1,75
6	Көтібар батыр ауылы	1,3
7	Көктөбе ауылы	0,95
8	Жарық ауылы	1,35
Батпақкөл ауылдық округі		
9	Жағабұлақ ауылы	1,87
10	Жаркемер ауылы	1,15
11	Қожасай ауылы	1,26
12	Саға ауылы	1,77
Еңбек ауылдық округі		
13	Сағашилі ауылы	1,91
14	Басшилі ауылы	1,6
15	Тепсең - Қарабұлақ ауылы	0,9
16	Темір бекеті	1,65
Жұрын ауылдық округі		
17	Жұрын ауылы	1,87
18	Көбелей ауылы	1,17
19	Көлденең Темір ауылы	1,17
20	№ 53 разъезд	1,12
Мұғалжар ауылы		
21	Мұғалжар ауылы	1,53